ҒТАХР
04.21.51

https://doi.org/10.52536/2788-5860.2026.91.3.012

Шырын Тленчиева [1], ***Алексей Белянин*** [2]
[1] *Философия, саясаттану және діntану институтының*
Әлеуметтану орталығының жетекшісі, PhD, корреспондент- автор
e-mail: shyryn.muratkyzy@gmail.com
(Алматы, Қазақстан)
[2] *Жоғары экономика мектебі Ұлттық зерттеу*
университетінің профессоры, PhD
e-mail: albelix@yandex.ru
(Мәскеу, Ресей)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ СУБЪЕКТИВТІ ӘЛ-АУҚАТЫНДАҒЫ ТҰЛҒААРАЛЫҚ СЕНІМНІҢ РӨЛІ: ӨҢІРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Аңдатпа. Мақалада өңірлік айырмашылықтарды ескере отырып, Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатындағы тұлғааралық сенімнің рөлі қарастырылады. Жалпыұлттық сауалнама деректері негізінде (N = 3006, Қазақстанның 20 өңірі) Спирменнің рангтік корреляция коэффициентін қолдану арқылы жақын әлеуметтік ортаның қарастырылған сегіз санатының барлығына деген сенімнің жалпыұлттық деңгейде өмірге қанағаттанумен оң және статистикалық мәнді байланыста екені анықталды. Алайда бұл байланыстың күші, ал жекелеген жағдайларда бағыты да өңірлер бойынша едәуір ерекшеленеді. Күтілген нәтижелерге қарамастан, отбасы мен жақын туыстарға деген сенім деңгейі ең жоғары болғанымен (тиісінше 98,4% және 96,1%), олардың субъективті әл-ауқатпен байланысы салыстырмалы түрде әлсіз болып шықты. Ал басшыға/жұмыс берушіге және көршілерге деген сенім неғұрлым ақпараттық предикторлар ретінде көрінді. Өңірлер бойынша ең тұрақты байланыс басшыға/жұмыс берушіге деген сенімге қатысты анықталды, бұл көрсеткіш іс жүзінде барлық өңірлерде статистикалық мәнді болды. Сонымен қатар теріс байланыстың жекелеген жағдайлары да анықталды (Ақтөбе облысы). Зерттеу нәтижелері партикулярлық және жалпыланған сенім теориясының Қазақстан жағдайында қолданылуын нақтылай түседі және өңірлік әлеуметтік саясат үшін практикалық маңызға ие.

Түйін сөздер: *тұлғааралық сенім, субъективті әл-ауқат, өмірге қанағаттану, әлеуметтік капитал, өңірлік айырмашылықтар.*

Шырын Тленчиева, Алексей Белянин

РОЛЬ МЕЖЛИЧНОСТНОГО ДОВЕРИЯ В СУБЪЕКТИВНОМ БЛАГОПОЛУЧИИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА: РЕГИОНАЛЬНЫЕ РАЗЛИЧИЯ

Аннотация. В статье рассматривается роль межличностного доверия в субъективном благополучии населения Казахстана с учётом региональных различий. На данных общенационального опроса (N = 3006, 20 регионов Казахстана) с использованием коэффициента ранговой корреляции Спирмена показано, что доверие ко всем восьми рассмотренным категориям близкого окружения положительно и статистически значимо связано с удовлетворённостью жизнью на общенациональном

уровне, однако сила, а в отдельных случаях и направление этой связи существенно варьируются в региональном разрезе. Вопреки ожиданиям, доверие к семье и близким родственникам – при том что оно максимально по уровню (98,4% и 96,1% соответственно) – оказалось наименее тесно связано с благополучием, тогда как более информативными предикторами выступили доверие руководителю/работодателю и соседям. Наиболее устойчивая по регионам связь выявлена для доверия руководителю/работодателю, значимого практически повсеместно; обнаружены также единичные случаи отрицательной связи (Актюбинская область). Результаты уточняют применимость теории партикуляристского и генерализованного доверия к казахстанскому контексту и имеют значение для региональной социальной политики.

Ключевые слова: *межличностное доверие, субъективное благополучие, удовлетворённость жизнью, социальный капитал, региональные различия.*

Shyryn Tlenchiyeva, Alexis Belianin

THE ROLE OF INTERPERSONAL TRUST IN THE SUBJECTIVE WELL-BEING OF KAZAKHSTAN'S POPULATION: REGIONAL DIFFERENCES

Abstract. This article examines the role of interpersonal trust in the subjective well-being of Kazakhstan's population, with attention to regional differences. Drawing on a nationwide survey (N = 3,006, 20 regions of Kazakhstan) and Spearman's rank correlation coefficient, the study shows that trust in all eight examined categories of one's immediate social circle is positively and significantly associated with life satisfaction at the national level, although the strength – and in some cases the direction – of this relationship varies substantially by region. Contrary to expectations, trust in family and close relatives – despite being the highest in level (98.4% and 96.1%, respectively) – proved least strongly linked to well-being, while trust in one's superior/employer and neighbours emerged as more informative predictors. Trust in one's superior/employer showed the most spatially consistent association, significant in nearly every region; isolated cases of a negative association were also found (Aktobe region). The findings refine the applicability of the particularized/generalized trust framework to the Kazakhstani context and carry implications for regional social policy.

Keywords: *interpersonal trust, subjective well-being, life satisfaction, social capital, regional differences, Kazakhstan.*

Кіріспе

Соңғы үш онжылдықта субъективті әл-ауқат мәселесі әлеуметтану, экономика және саяси ғылым салаларындағы негізгі зерттеу бағыттарының біріне айналып, қоғамдық прогресті бағалауда дәстүрлі экономикалық көрсеткіштердің шеңберін едәуір кеңейтті. Материалдық әл-ауқаттың адамдардың өз өміріне қанағаттануын тек ішінара ғана түсіндіретіні туралы түсініктің кеңінен мойындалуы әл-ауқаттың монетарлық емес детерминанттарын – әлеуметтік байланыстардың сапасын, институционалдық ортаны, адамның өз өмірін бақылау сезімін және, ең алдымен, сенімді зерттеуге серпін берді.

Сенім дәстүрлі түрде әлеуметтік капиталдың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Дж. Коулман сенімді әлеуметтік қатынастар құрылымына кіріктірілген және индивидтерге жеке-дара қол жеткізу қиын немесе мүмкін емес мақсаттарға бірлесіп жетуге мүмкіндік беретін ресурс ретінде анықтады [1]. Р. Патнэм әлеуметтік капитал демократиялық институттарды нығайтады

деп есептейді. Оның пікірінше оған әлеуметтік сенім, әлеуметтік желілердің және өзара қарым-қатынас нормалары сияқты ұжымдық әрекеттерді үйлестіру ықпал етеді [2]. Ф. Фукуяма өз жұмыстарында экономикалық өркендеу қоғамдағы сенім көрсеткіштеріне тікелей байланысты екендігін көрсетеді [3]. Бұл бағытқа елеулі үлес қосқандардың бірі Э. Услейнер болып табылады. Ол сенім түрлерін партикулярлық және жалпыланған деп бөлуді ұсынды [4]. Э. Услейнер партикулярлық сенімге туыстар, достар, өз этникалық немесе діни тобының өкілдері арасында шеңберді көрсетіп, оны «өз адамдары» ретінде анықтаса, жалпыланған сенім бейтаныс адамдарға да таралатын «бөгде адамдар» арасында орын алатындығын атап өтті. Мұндай айырмашылық жоғары партикулярлық сенім мен төмен жалпыланған сенім арасында айқын ассимметрия байқалатын посткеңестік қоғамдарды талдау үшін өзекті.

Дж. Хеллиуэлл мен Р. Патнэмнің зерттеулерінде әлеуметтік контекстің табыс деңгейіне қарамастан өмірге қанағаттанудағы айырмашылықтардың елеулі бөлігін түсіндіретіні көрсетілген [5]. Осы бағыттағы кейінгі зерттеулер сенім мен субъективті әл-ауқат арасында тұрақты оң байланыстың бар екенін растайтын ауқымды эмпирикалық негіз қалыптастырды. К. Бьёрнсковтың зерттеуі жалпыланған сенімнің ұлттық деңгейдегі бақытты айқындайтын маңызды факторлардың бірі екенін көрсетті. Оның ықпал ету деңгейі табыс пен институционалдық сапа көрсеткіштерінің әсерімен шамалас екені анықталды [6]. Индивидуалдық деңгейдегі талдауда В. Йованович Сербия деректері негізінде тұлғааралық сенімнің әлеуметтік-демографиялық факторлар ескерілгеннен кейін де субъективті әл-ауқаттың маңызды әрі тұрақты предикторы болып қалатынын көрсетті. Ал институционалдық сенімнің субъективті әл-ауқатты түсіндірудегі рөлі салыстырмалы түрде шектеулі екені анықталды [7]. С. Бэлтэтеску да Батыс Еуропа елдерінде тұлғааралық сенім бақыт деңгейін саяси сенімге қарағанда анағұрлым жақсы түсіндіретін фактор ретінде көрінсе, Шығыс Еуропа қоғамдарында, керісінше, саяси сенімнің ықпалы басымырақ байқалады деген ұқсас нәтижеге келді [8].

1990-жылдардың өзінде зерттеушілердің назары посткеңестік қоғамдардағы сенім ерекшелігіне бағытталған. Р. Роуз «құмсағат қоғамы» деп аталған құбылысты сипаттады: мұнда сенім радиусы күрт тарылып, адамдар туыстары мен достарының шағын шеңберіне жоғары сенім білдіргенімен, жалпы қоғам мүшелеріне және мемлекеттік институттарға терең сенімсіздік танытады [9]. У. Мишлер мен Р. Роуз Шығыс және Орталық Еуропаның он елі бойынша алынған деректер негізінде саяси институттарға деген сенімнің ең алдымен мәдени емес, институционалдық факторлармен айқындалатынын көрсетті [10]. Р. Сапсфорд пен П. Абботт жүргізген сегіз посткеңестік елдің салыстырмалы талдауы зерттелген барлық қоғамдарда ең жоғары сенім туыстар мен достарға бағытталатынын, ал азаматтарға және институттарға деген сенім төмен деңгейде қалатынын көрсетті [11].

Кейінгі зерттеулерде сенім посткеңестік елдердегі өмірге қанағаттанумен тікелей байланыстырылды. Б. Эгамбердиев және оның әріптестері он посткеңестік мемлекет деректері негізінде институционалдық сенімнің өмірге қанағаттануға әсері елдер бойынша біркелкі еместігін және оның едәуір дәрежеде сыбайлас жемқорлықты қабылдаумен жанамаланатынын көрсетті. Бұл әсер Шығыс Еуропа елдерінде барынша айқын көрінсе, Орталық Азия мен Кавказда әлдеқайда әлсіз болған [12]. К. Дои мен М. Хиватари Орталық және Шығыс Еуропа елдері мен бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттерін бөлек

қарастыра отырып, қауымдық сенім мен әл-ауқат арасындағы байланыстың сипаты осы екі елдер тобы арасында едәуір ерекшеленетінін көрсетті [13].

Қарастырылып жатқан мәселе бойынша Қазақстан туралы жұмыстар ерекше назар аудартады. П. Абботт пен К. Уоллестің еңбектерінде материалдық әл-ауқат, денсаулық, білім, адамның өз өмірін бақылау сезімі елдегі өмірге қанағаттанудың тұрақты предикторлары екенін көрсетті [14]. Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстандағы әлеуметтік капитал мен субъективті әл-ауқатты салыстырмалы зерттеген А. Кудебаева мен Д. Шарипованың зерттеу нәтижелері үш елде де әл-ауқаттың маңызды предикторы әлеуметтік капитал екендігін Дүниежүзілік құндылықтарды зерттеудің (WVS) алтыншы толқыны деректері негізінде анықтады. Осы тұста әлеуметтік нормалар мен қоғамдық қатысу Қазақстанда өмірге қанағаттанудың статистикалық мәнді предикторлары ретінде расталса, Қырғызстан үшін жалпыланған сенімнің дербес оң әсері тұрақты болды [15]. Кейінгі еңбектерінде аталған авторлар 2011–2018 жылдар аралығындағы Қазақстан мен Қырғызстан халқының әл-ауқат динамикасын зерттеп, өмірге қанағаттану деңгейіндегі өзгерістерге ең елеулі ықпал ететін факторлар ретінде таңдау еркіндігін сезіну мен қаржылық жағдайға қанағаттануды анықтады [16]. Ал А. Кудебаева мен Д. Шарипованың Қазақстандағы қауіпсіздік сезімі мен субъективті әл-ауқаттың өзара байланысын қарастырған зерттеуінде 2019 жылдан кейін халықтың субъективті әл-ауқатының оң өзгерісі байқалғаны көрсетілді [17].

Дүниежүзілік құндылықтарды зерттеу деректеріне сүйене отырып жасалынған А. Токенов пен Т. Дронзинаның еңбектерінде Қазақстандағы институционалдық сенімнің отбасының, діннің маңыздылығымен, жақын әлеуметтік орта ішіндегі сенім секілді «байланыстырушы» құндылықтармен статистикалық тұрғыдан байланысты, ал әлеуметтік капиталдың «көпір құрушы» формаларымен байланысы айтарлықтай әлсіз әрі біркелкі емес екендігін көрсетті [18].

Қазақстандағы субъективті әл-ауқаттың өңірлік әркелкілігі бұған дейінгі зерттеулерде институционалдық сенім, әлеуметтік инфрақұрылым сапасы және қауіпсіздік көрсеткіштерімен байланыстырылып қарастырылған [19; 20]. Бұл жұмыстарда өңірлердегі субъективті әл-ауқат деңгейі мен тұлғааралық сенімнің тікелей байланысы зерттелмеген.

Әдебиеттерге жасалған шолу институционалдық және тұлғааралық сенімді жеке қарастыру қажеттігін, тұлғааралық сенім мен өмірге қанағаттану арасындағы байланысты жалпыұлттық деректер негізінде арнайы зерттеген еңбектердің аздығын және тұлғааралық сенімнің субъективті әл-ауқаттағы рөлін байланыстырып қарастырмағандығын көрсетеді. Осы мәліметтерді назарға ала отырып, Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатындағы тұлғааралық сенімнің рөлін анықтау және бұл рөлдің өңірлік тұрғыдан айырмашылығын анықтау зерттеу мақсаты болып табылады. Әдебиеттерге жасалған шолуға сүйене отырып, тұлғааралық сенім Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатымен оң байланысты, алайда бұл байланыстың күші өңірлік тұрғыдан біркелкі емес деген зерттеудің негізгі болжамы ұсынылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің эмпирикалық негізін Қазақстан халқы арасында жеке формалдандырылған сұхбат әдісімен жүргізілген жалпыұлттық сауалнама деректері құрады. Қорытынды іріктеме елдің 20 өңірін – 17 облыс пен республикалық маңызы бар үш қаланы (Астана, Алматы, Шымкент) репрезенттейтін 3006 респонденттен тұрды. Іріктеменің өңірлер бойынша бөлінуі

біркелкі емес: Ұлытау облысындағы 40 бақылаудан Алматы қаласындағы 340 бақылауға дейін өзгереді.

Тәуелді айнымалы ретінде өмірге қанағаттану көрсеткіші пайдаланылды. Ол реттік бес балдық шкала бойынша өлшенді: 1 – «мүлдем қанағаттанбаймын», 2 – «көбіне қанағаттанбаймын», 3 – «нақты айта алмаймын», 4 – «көбіне қанағаттанамын», 5 – «толық қанағаттанамын».

Тәуелсіз айнымалы ретінде тұлғааралық сенімді сегіз санат арқылы операциялауға мүмкіндік беретін «Сіз өзіңізге жақын ортадағы адамдарға қаншалықты сенесіз?» деген сұрақтар блогы пайдаланылды. Оның құрамына басшы/жұмыс беруші, әріптестер, көршілер, жақындар мен туыстар, достар мен таныстар, отбасы, өз ұлтының өкілдері және өз дініндегі адамдар кірді. Әрбір тармақ реттік төрт балдық шкала бойынша өлшенді: 1 – «мүлдем сенбеймін», 2 – «көбіне сенбеймін», 3 – «көбіне сенемін», 4 – «толық сенемін». Мұндай операциялау әлеуметтік байланыстардың әртүрлі түрлеріне деген сенімді – ең «тығыз» әрі алдын ала берілген байланыстардан (отбасы, жақын туыстар) неғұрлым «дистантты» байланыстарға дейін (басшы, әріптестер, көршілер) – ажыратуға мүмкіндік береді және осы арқылы партикулярлық және жалпыланған сенім арасындағы теориялық айырмашылықты эмпирикалық тұрғыдан тексеруге жағдай жасайды [4].

Екі айнымалы да реттік деңгейде өлшенгендіктен, олардың арасындағы байланысты бағалау үшін Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті (ρ) қолданылды. Талдау екі кезеңде жүргізілді: 1) жалпыұлттық іріктеме бойынша – өмірге қанағаттану мен сенімнің сегіз индикаторының әрқайсысы арасындағы байланыстың жалпы сипатын бағалау үшін; 2) 20 өңірдің әрқайсысы бойынша жеке-жеке – осы байланыстың күші мен бағытының өңірлік вариациясын анықтау үшін. Өңірлер арасындағы өмірге қанағаттанудың орташа деңгейіндегі айырмашылықтар орташа мәндер, стандартты ауытқулар және бақылаулар саны арқылы сипатталды.

Өмірге қанағаттану: жалпы көрініс және өңірлік айырмашылықтар

Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатын талдау жалпы алғанда өмірге қанағаттанудың жоғары деңгейін көрсетеді. Жалпы іріктеме бойынша өмірге қанағаттанудың орташа мәні 5 балдың ішінен 4,15 балды құрады (SD = 0,92). Респонденттердің басым көпшілігі (79,7%) өмірге қанағаттанудың белгілі бір дәрежесін білдірді, ал қанағаттанбағандардың үлесі төмен болды (5,7%). Респонденттердің 14,5%-ы бейтарап позицияны ұстанды.

1-кесте. Қазақстанның өңірлері бойынша өмірге қанағаттану деңгейі

Өңір	Орташа мәні	N	SD
Атырау облысы	4,72	102	0,64
Ақтөбе облысы	4,59	140	0,64
Жамбыл облысы	4,48	180	0,78
Абай облысы	4,44	100	0,66
Батыс Қазақстан облысы	4,33	100	0,92
Қызылорда облысы	4,24	122	1,11
Шымкент қаласы	4,21	180	0,75
Ақмола облысы	4,16	120	0,79

Ұлытау облысы	4,15	40	0,83
Солтүстік Қазақстан облысы	4,15	80	0,87
Қарағанды облысы	4,12	160	0,95
Түркістан облысы	4,10	320	0,91
Жетісу облысы	4,09	100	1,06
Алматы қаласы	4,07	340	0,92
Астана қаласы	4,06	221	0,90
Алматы облысы	4,04	220	0,97
Қостанай облысы	3,97	120	1,00
Маңғыстау облысы	3,85	120	0,95
Шығыс Қазақстан облысы	3,83	121	0,93
Павлодар облысы	3,74	120	1,02
Барлығы	4,15	3006	0,92

Өмірге қанағаттану деңгейіндегі өңірлік айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді сипатқа ие. Өңірлер бойынша орташа мәндер арасында елеулі айырмашылықтардың бар екенін Уэлчтің робастты дисперсиялық талдауы көрсетті (Welch's $F(19, 857{,}175) = 12{,}884$; $p < 0{,}001$). Орташа мәндердің диапазоны Павлодар облысындағы 3,74 баллдан Атырау облысындағы 4,72 баллға дейін 0,98 баллды құрады.

Салыстырмалы түрде орташа мәні жоғары көрсеткіштерде мұнай-газ секторының рөлі айқын немесе этномәдени және туыстық байланыстары тығыз батыс және оңтүстік өңірлер (Атырау, Ақтөбе, Жамбыл және Абай облыстары) басым болса, төменгі бөлігінде Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары орналасқан. Маңғыстау облысының да өндіруші өңір бола тұра, өмірге қанағаттанудың ең төмен көрсеткіштерінің бірін көрсетуі назар аударарлық жағдай деуге болады, яғни бұл өңірлік айырмашылықтарды тек ресурстық фактормен ғана түсіндіруге болмайтынын аңғартады.

Тұлғааралық сенім деңгейі

Сауалнама нәтижелері бойынша тұлғааралық сенім жалпы алғанда жоғары деңгейде, дегенмен оның үлесі әлеуметтік қатынастардың сипатына байланысты екендігін байқауға болады. Сенімнің ең жоғары деңгейі ең жақын әлеуметтік ортаға тән (2-кесте). Мысалы, отбасына деген оң сенімнің жиынтық деңгейі 98,4%-ға, жақындар мен туыстарға деген сенім 96,1%-ға, достар мен таныстарға сенім деңгейі 91,3%-ға жетеді.

2-кесте. Әртүрлі әлеуметтік орта санаттарына сенім білдіретін респонденттердің үлесі

Сенім көрсеткіштері	Сенушілердің үлесі (толығымен сенетіндер мен ішінара сенетіндер), %
Отбасы	98,4
Жақындары мен туыстары	96,1
Достары мен таныстары	91,3

Менің дінімдегі адамдар	84,9
Басшы / жұмыс беруші	84,7
Әріптестер	84,4
Менің ұлтымның өкілдері	84,1
Көршілер	80,0

Осылайша, тұлғааралық сенім құрылымы айқын сатыланған сипатқа ие: сенімнің ең жоғары деңгейі отбасылық-туыстық қатынастар саласында шоғырланған, ал әлеуметтік ортаның неғұрлым кең шеңберіне өткен сайын сөзсіз сенім деңгейі төмендейді.

Тұлғааралық сенім мен өмірге қанағаттану арасындағы байланыс

Жалпыұлттық деңгейде өмірге қанағаттану мен қарастырылған тұлғааралық сенімнің барлық сегіз түрі арасында оң және статистикалық мәнді байланыстар анықталды.

3-кесте. Өмірге қанағаттану мен әлеуметтік ортаның әртүрлі санаттарына деген сенім арасындағы Спирменнің рангтік корреляция коэффициенттері (жалпы іріктеме)

Сенім көрсеткіштері	ρ Спирмена	N
Басшы / Жұмыс беруші	0,191**	2551
Көршілер	0,189**	2932
Достар мен таныстар	0,175**	2967
Менің ұлтымның өкілдері	0,142**	2833
Әріптестер	0,140**	2628
Менің дінімдегі адамдар	0,127**	2796
Жақындар мен туыстар	0,076**	2984
Отбасы	0,039*	2985

*Ескерту: ** $p < 0,01$; * $p < 0,05$.*

Өмірге қанағаттану мен басшыға немесе жұмыс берушіге деген сенім арасында ең айқын байланыс анықталды (ρ=0,191; p<0,001), сондай-ақ көршілерге деген сеніммен де салыстырмалы түрде жоғары байланыс байқалды (ρ=0,189; p<0,001). Біршама төмен, бірақ статистикалық тұрғыдан мәнді коэффициенттер достар мен таныстарға деген сенім (ρ=0,175), өз ұлтының өкілдеріне деген сенім (ρ=0,142), әріптестерге деген сенім (ρ=0,140) және өз дініндегі адамдарға деген сенім (ρ=0,127) бойынша көруге болады. Өмірге қанағаттанудың жақындар мен туыстарға деген сеніммен байланысы айтарлықтай әлсіз болды (ρ=0,076), ал ең төмен коэффициент отбасына деген сенім бойынша анықталды (ρ=0,039; p=0,032). Бұл ретте дәл осы сенім санатының таралу деңгейі ең жоғары (98,4%) отбасына екендігін назарға алған жөн (3-кесте). Мұндай нәтиже отбасына деген сенімнің шектен тыс жоғары әрі аз сараланған деңгейі оның әл-ауқаттағы индивидуалдық айырмашылықтармен статистикалық байланысын техникалық тұрғыдан шектейтінін көрсетеді.

Сенім мен субъективті әл-ауқат арасындағы байланыстың өңірлік айырмашылықтары

20 өңір бойынша жеке жүргізілген талдау сенім мен өмірге қанағаттану арасындағы байланыстың күшінде де, жекелеген жағдайларда оның бағытында да елеулі гетерогенділік бар екенін көрсетті.

Байланысы ең жүйелі әрі кең қамтылған өңірлер. Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында зерттелген сенімнің барлық сегіз компоненті статистикалық тұрғыдан мәнді болды. Атырау облысында коэффициенттер ρ=0,223-тен ρ=0,372-ге дейін өзгерді, бұл ретте өмірге қанағаттану көршілерге деген сеніммен ең тығыз байланысты болды (ρ=0,372). Батыс Қазақстан облысында мәндер ρ=0,222–0,296 аралығында болды, ал ең айқын байланыс отбасына (ρ=0,296) және достарға деген сеніммен (ρ=0,294) байқалды. Солтүстік Қазақстан облысында ең жоғары көрсеткіш достар мен таныстарға деген сенім бойынша алынды (ρ=0,377).

Сенім көрсеткіштерінің басым бөлігімен байланыс анықталған өңірлер. Жетісу облысында қарастырылған барлық өңірлік комбинациялар ішіндегі ең күшті корреляция анықталды: өмірге қанағаттану мен әріптестерге деген сенім арасындағы байланыс ρ=0,432-ні құрады (p<0,001). Павлодар облысында ең жоғары байланыс басшыға немесе жұмыс берушіге деген сеніммен анықталды (ρ=0,384). Сонымен қатар, Жетісу облысында көршілерге, басшыға, достарға, жақындар мен туыстарға, өз дініндегі адамдарға деген сеніммен байланыстар да мәнді болса, бұл нәтиже Павлодар облысында көршілерге, отбасыға, әріптестерге, жақындар мен достарға деген сенімді көрсетті (8 санаттың 6-уы). Шымкент қаласында ең жоғары коэффициент көршілерге деген сенім бойынша байқалады (ρ=0,413). Осы нәтиже өңірлік іріктемедегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі екендігін айта кеткен жөн. Шымкент қаласының өзіндік қарым-қатынастағы ерекшелігін назарға ала отырып, бұл өңірде жақындар мен туыстарға деген сенім мен субъективті әл-ауқат арасында байланыс көрсетпегендігі қызықты жағдай екендігін назарға алу керек (ρ=0,073; p=0,330), бұл өңірле басшыға (ρ=0,392), отбасыға (ρ=0,297) және әріптестерге (ρ=0,270) деген сенім деңгейінде субъективті әл-ауқатпен байланыс бар, ал Астана қаласында сенімнің сегіз көрсеткішінің жетеуі статистикалық тұрғыдан мәнге ие: ең жоғары байланыс өз дініндегі адамдарға (ρ=0,300) және өз ұлтының өкілдеріне деген сеніммен (ρ=0,269) байқалды, ал отбасыға деген сенім мәнді байланыс көрсетпеді (ρ=0,104; p=0,125). Алматы қаласында сегіз компоненттің алтауы мәнді болса, олардың ішінде ең жоғары көрсеткіштер өз дініндегі адамдарға (ρ=0,241) және өз ұлтының өкілдеріне деген сенім бойынша (ρ=0,201) тіркелді. Алматы қаласы бойынша жақындарға және отбасыға деген сенім де статистикалық мәнді байланыс көрсетпеді.

Байланыстың селективті моделі тән өңірлер. Маңғыстау және Қызылорда облыстарында тек бір ғана, яғни басшыға немесе жұмыс берушіге деген сеніммен статистикалық мәнді байланыс анықталды. Маңғыстау облысында ρ=0,306, ал Қызылорда облысында ρ=0,226 құрады. Түркістан облысында басшыға (ρ=0,282), көршілерге (ρ=0,189) және достарға (ρ=0,116) деген сенім мәнді болды. Айта кетерлігі, жоғарыда аталған өңірлердің барлығында дерлік, олардың үш топтың қайсысына жататынына қарамастан, басшыға/жұмыс берушіге деген сенім мәнді болып қала береді. Бұл – «күшті» және «селективті» өңірлердің екеуінде де бірдей мәнді болған жалғыз сенім санаты, бұл оның әртүрлі өңірлік контекстерде әл-ауқаттың ерекше тұрақты предикторы ретінде қарастыруға болады.

Тұлғааралық сенім мен субъективті әл-ауқат арасында байланыс анықталмаған өңірлер. Абай және Ұлытау облыстарында сегіз корреляцияның бірде-біреуі статистикалық мәнділік деңгейіне жетпеді. Бұл Ұлытау облысындағы кіші көлемді қосалқы іріктемемен ішінара түсіндірілуі мүмкін. Жалпы алғанда, бұл нәтиже жалпы іріктеме деңгейінде әмбебап болып көрінетін сенім мен субъективті әл-ауқат арасындағы оң байланыстың өңірлік деңгейде біркелкі көрінбейтінін аңғартады.

Кері байланыс орын алған өңірлер. Ақтөбе облысында өмірге қанағаттанудың жақындар мен туыстарға деген сеніммен (ρ=–0,175; p=0,040) және отбасыға деген сеніммен (ρ=–0,233; p=0,006) статистикалық мәнді теріс байланыс байқалды. Шығыс Қазақстан облысында өмірге қанағаттану мен өз дініндегі адамдарға деген сенім арасында теріс байланыс анықталды (ρ=–0,195; p=0,044), дәл осы өңірде басшыға (ρ=0,201) және отбасыға (ρ=0,209) деген сенім өмірге қанағаттанумен оң байланысты көрсетті. Демек, бұл өңірде байланыстың бағыты сенімнің нақты санатына тәуелді болып тұр. Жалпы іріктемеде және басқа өңірлерде байланыстардың басым бөлігі оң болғанын ескерсек, мұндай ауытқуларды түсіндіру сақтықты және қосымша тексеруді талап етеді.

Жалпылай келе, үш негізгі заңдылықты бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ҚазЖалпы алғанда, үш негізгі заңдылықты бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, Қазақстан халқы жалпы алғанда өмірге қанағаттанудың да, тұлғааралық сенімнің де жоғары деңгейімен, әсіресе отбасылық-туыстық қатынастар саласында сипатталады. Екіншіден, ұлттық деңгейде тұлғааралық сенімнің қарастырылған барлық формалары өмірге қанағаттанумен оң байланысты, алайда бұл байланыстардың күші «дистантты» сенім түрлерінен отбасылық сенімге қарай төмендейді. Үшіншіден, өңірлік талдау бұл өзара байланыстың елеулі әркелкілігін сенімнің барлық формаларын толық қамтудан (Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары) селективті модельге (Маңғыстау, Қызылорда облыстары), статистикалық мәнділіктің болмауына (Абай, Ұлытау облыстары), ал жекелеген жағдайларда байланыстың қарама-қарсы бағытта болуына дейін (Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстары) көрсетті.

Нәтижелерді талқылау және қорытынды

Алынған нәтижелер жалпы алғанда тұлғааралық сенім мен субъективті әл-ауқат арасындағы оң байланыс туралы әдебиетте қалыптасқан тұжырымды растайды [5–8], алайда Қазақстан жағдайына қатысты оған үш маңызды нақтылау енгізеді.

Біріншіден, Э. Услейнер терминологиясындағы партикулярлық сенімнің өзегін құрайтын отбасы мен жақын туыстарға деген сенім [4] өмірге қанағаттанудың ең аз ақпараттық предикторы болып шықты. Бұл тек жалпыұлттық деңгейде ғана емес, өңірлердің басым бөлігінде де байқалды: Шымкент, Астана, Алматы қалаларында және Ақтөбе облысында жақындарға/отбасыға деген сенім не статистикалық мәнді емес, не әл-ауқатпен теріс байланысты. Мұнда «құмсағат қоғамы» логикасымен [9] қайшылық жоқ: бұл тұжырымдама сенімнің әл-ауқатпен байланысының күшін емес, оның таралу құрылымын, яғни сенімнің тар шеңберде шоғырлануын сипаттайды. Отбасыға деген сенім шектен тыс жоғары және аз сараланған (2-кесте), сондықтан ол индивидуаларалық айырмашылықтарды статистикалық тұрғыдан жеткілікті деңгейде түсіндіре алмайды – дисперсия шектеулі. Бұл нәтиже А. Токенов пен Т. Дронзинаның Қазақстанда жақын ортаға бағытталған «байланыстырушы»

(bonding) құндылықтар салыстырмалы түрде біртекті кластер қалыптастырады деген қорытындысымен үйлеседі [18]. Бұл партикулярлық/жалпыланған сенім дихотомиясының қазақстандық контекстке қолданылуын нақтылайды: әл-ауқаттың маңызды корреляты сенімді адамдардың тығыз шеңберінің болуының өзі емес, сенімді осы шеңберден тыс кеңейте білу қабілеті болып табылады.

Екінші назар аударатын нәтиже, басшыға/жұмыс берушіге деген сенім жалпыұлттық деңгейде өмірге қанағаттанумен ең күшті байланысты көрсетіп қана қоймай (ρ=0,191), өңірлердің басым бөлігінде мәнділігін сақтаған жалғыз сенім санаты болды. Бұл посткеңестік зерттеулердегі отбасыға деген сенімнің басымдығы туралы тұжырымдардан ерекшеленеді [9, 11] және еңбек қатынастары мен экономикалық тұрақтылықтың әл-ауқатқа өңірге қарамастан тұрақтырақ ықпал етуімен түсіндірілуі мүмкін.

Нақтылау қажет үшінші тұсында сенім мен әл-ауқат арасындағы байланыстың күші ғана емес, бағыты да өңірлер бойынша айтарлықтай өзгергендігін айту керек. Кейбір өңірлерде сенімнің барлық санаттары мәнді болса, басқаларында селективті немесе мүлде мәнсіз байланыстар, тіпті жекелеген теріс корреляциялар байқалады. Бұл айырмашылықтарды урбандалу, табыс немесе этникалық құрам сияқты бір ғана фактормен түсіндіру жеткіліксіз. Алынған нәтижелер Қазақстандағы әл-ауқаттың кеңістіктік әркелкілігі туралы бұрынғы тұжырымдарды [19, 20] толықтырып, тұлғааралық сенім мен әл-ауқат байланысының да өңірлік сипатқа ие екенін көрсетеді.

Ақтөбе облысындағы отбасыға деген сенімнің артуы өмірге қанағаттанудың төмендеуімен қатар жүретін жағдай ерекше назар аударуды қажет етеді. Мұның ықтимал түсіндірмесі – тығыз туыстық желілердің кері жағы. Дегенмен, бұл сапалық әдістер арқылы тексеруді қажет ететін гипотеза болып табылады.

Қорытындылай келе, сенім мен субъективті әл-ауқат арасындағы өңірлік байланыстың біркелкі еместігі туралы ұсынылған гипотеза эмпирикалық тұрғыдан расталды. Жалпы нәтижелер Қазақстан жағдайында әлеуметтік капитал мен тұлғааралық сенімнің бір-біріне тең ұғымдар еместігін [15], ал институционалдық және тұлғааралық сенімнің әртүрлі логика бойынша қалыптасатынын көрсетеді [18]. Бұл жағдай болашақ зерттеулерде оларды жеке талдауды қажет етеді.

Тәжірибелік тұрғыдан алғанда еңбек ұжымдарындағы сенімді, тату көршілік қатынастарды, ел тұрғындарының жақын әлеуметтік шеңберден тыс өзара іс-қимылын қолдау сияқты шаралар халықтың субъективті әл-ауқатына үлес қоса алады. Мұндай шаралардың тиімділігін бүкіл елге ортақ бір үлгі бойынша емес, өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып бағалау орынды.

Зерттеудің негізгі шектеулеріне деректердің кросс-секциялық сипаты, өңірлік іріктемелер көлемінің біркелкі болмауы, сенімді бір тармақты индикаторлармен өлшеу және табыс, білім мен жас сияқты маңызды әлеуметтік-демографиялық факторларды бақыламау жатады [14]. Болашақ зерттеулерде осы ковариаттар мен өңірлік әсерлерді ескеретін көпдеңгейлі модельдерді қолдану, ерекше байланыс үлгілері байқалған өңірлерде сапалық зерттеулер жүргізу және тұлғааралық әрі институционалдық сенімнің әл-ауқатқа ықпалын өңірлік деңгейде салыстыру маңызды.

Қаржыландыру. *Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (№AP22686408 «Қазақстан халқының бақытына әсер ететін факторларды аймақтар бойынша салыстырмалы талдау»).*

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Coleman J.S. Social capital in the creation of human capital // American Journal of Sociology. – 1988. – Vol. 94. – P. S95–S120.
2. Putnam R.D. Bowling alone: America's declining social capital // Journal of Democracy. – 1995. – Vol. 6, No. 1. – P. 65–78.
3. Fukuyama F. Trust: The Social Virtues and the Creation of Prosperity. – New York: Free Press, 1995. – 457 p.
4. Uslaner E.M. The Moral Foundations of Trust. – Cambridge: Cambridge University Press, 2002. – 298 p.
5. Helliwell J.F., Putnam R.D. The social context of well-being // Philosophical Transactions of the Royal Society B. – 2004. – Vol. 359, No. 1449. – P. 1435–1446.
6. Bjørnskov C. The happy few: Cross-country evidence on social capital and life satisfaction // Kyklos. – 2003. – Vol. 56, No. 1. – P. 3–16.
7. Jovanović V. Trust and subjective well-being: The case of Serbia // Personality and Individual Differences. – 2016. – Vol. 98. – P. 284–288.
8. Băl ătescu S. Differential Effects of Interpersonal and Political Trust on Happiness and Life Satisfaction. – SSRN Electronic Journal, 2009.
9. Rose R. Russia as an Hour-Glass Society: A Constitution without Citizens // East European Constitutional Review. – 1995. – Vol. 4, No. 3. – P. 34–42.
10. Mishler W., Rose R. Trust, distrust and skepticism: Popular evaluations of civil and political institutions in post-communist societies // Journal of Politics. – 1997. – Vol. 59, No. 2. – P. 418–451.
11. Sapsford R., Abbott P. Trust, confidence and social environment in post-communist societies // Communist and Post-Communist Studies. – 2006. – Vol. 39, No. 1. – P. 59–71.
12. Egamberdiev B., Bobojonov I., Kuhn L. Institutional Trust and Subjective Well-Being in Post-Soviet Countries // Comparative Economic Studies. – 2025. – Vol. 67, No. 4. – P. 779–805.
13. Doi K., Hiwatari M. Heterogeneous Impacts of Community-Level Trust on Life Satisfaction in Transition Countries: Perspectives on Institutions and Regional Diversity // Applied Research in Quality of Life. – 2023. – Vol. 18. – P. 2895–2934.
14. Abbott P., Wallace C. Satisfaction and Societal Quality in Kazakhstan // Happiness Across Cultures / eds. H. Selin, G. Davey. – Dordrecht: Springer, 2012. – P. 121–136.
15. Kudebayeva A., Sharipova A., Sharipova D. Social Capital and Subjective Well-Being in Central Asia // Europe-Asia Studies. – 2022. – Vol. 74, No. 1. – P. 101–124.
16. Sharipova D., Kudebayeva A. Changing Well-Being in Central Asia: Evidence from Kazakhstan and Kyrgyzstan // Journal of Happiness Studies. – 2023. – Vol. 24, No. 3. – P. 1233–1260.
17. Kudebayeva, A., & Sharipova, D. (2025). Happiness in the steppe: exploring the connection between security and wellbeing in Kazakhstan. Post-Communist Economies, 37(7), 715–735. https://doi.org/10.1080/14631377.2025.2461928
18. Tokenov, A., & Dronzina, T. (2025). Bonding and bridging social capital as determinants of institutional trust in Kazakhstan: evidence from the world values survey. Public Administration and Civil Service, 4(95), 2–10. https://doi.org/10.52123/1994-2370-2025-1557

19. Rodríguez-Pose A., Bartalucci F., Kurmanov B., et al. Assessing Regional Inequalities in Kazakhstan through Well-Being // Asian Development Review. – 2024. – DOI: 10.1142/S0116110524500033.
20. Kerimbayev A.R., Bukatov Y.B., Kudebayeva A., Spankulova L.S. Spatial Effects in the Context of Kazakhstan's Regions. Economy: strategy and practice. 2025; 20(1):120-135. https://doi.org/10.51176/1997-9967-2025-1-120-135

REFERENCES:

1. Coleman J.S. Social capital in the creation of human capital // American Journal of Sociology. – 1988. – Vol. 94. – P. S95–S120.
2. Putnam R.D. Bowling alone: America's declining social capital // Journal of Democracy. – 1995. – Vol. 6, No. 1. – P. 65–78.
3. Fukuyama F. Trust: The Social Virtues and the Creation of Prosperity. – New York: Free Press, 1995. – 457 p.
4. Uslaner E.M. The Moral Foundations of Trust. – Cambridge: Cambridge University Press, 2002. – 298 p.
5. Helliwell J.F., Putnam R.D. The social context of well-being // Philosophical Transactions of the Royal Society B. – 2004. – Vol. 359, No. 1449. – P. 1435–1446.
6. Bjørnskov C. The happy few: Cross-country evidence on social capital and life satisfaction // Kyklos. – 2003. – Vol. 56, No. 1. – P. 3–16.
7. Jovanović V. Trust and subjective well-being: The case of Serbia // Personality and Individual Differences. – 2016. – Vol. 98. – P. 284–288.
8. Băl ătescu S. Differential Effects of Interpersonal and Political Trust on Happiness and Life Satisfaction. – SSRN Electronic Journal, 2009.
9. Rose R. Russia as an Hour-Glass Society: A Constitution without Citizens // East European Constitutional Review. – 1995. – Vol. 4, No. 3. – P. 34–42.
10. Mishler W., Rose R. Trust, distrust and skepticism: Popular evaluations of civil and political institutions in post-communist societies // Journal of Politics. – 1997. – Vol. 59, No. 2. – P. 418–451.
11. Sapsford R., Abbott P. Trust, confidence and social environment in post-communist societies // Communist and Post-Communist Studies. – 2006. – Vol. 39, No. 1. – P. 59–71.
12. Egamberdiev B., Bobojonov I., Kuhn L. Institutional Trust and Subjective Well-Being in Post-Soviet Countries // Comparative Economic Studies. – 2025. – Vol. 67, No. 4. – P. 779–805.
13. Doi K., Hiwatari M. Heterogeneous Impacts of Community-Level Trust on Life Satisfaction in Transition Countries: Perspectives on Institutions and Regional Diversity // Applied Research in Quality of Life. – 2023. – Vol. 18. – P. 2895–2934.
14. Abbott P., Wallace C. Satisfaction and Societal Quality in Kazakhstan // Happiness Across Cultures / eds. H. Selin, G. Davey. – Dordrecht: Springer, 2012. – P. 121–136.
15. Kudebayeva A., Sharipova A., Sharipova D. Social Capital and Subjective Well-Being in Central Asia // Europe-Asia Studies. – 2022. – Vol. 74, No. 1. – P. 101–124.
16. Sharipova D., Kudebayeva A. Changing Well-Being in Central Asia: Evidence from Kazakhstan and Kyrgyzstan // Journal of Happiness Studies. – 2023. – Vol. 24, No. 3. – P. 1233–1260.
17. Kudebayeva, A., & Sharipova, D. (2025). Happiness in the steppe: exploring the connection between security and wellbeing in Kazakhstan. Post-Communist Economies, 37(7), 715–735. https://doi.org/10.1080/14631377.2025.2461928

18. Tokenov, A., & Dronzina, T. (2025). Bonding and bridging social capital as determinants of institutional trust in Kazakhstan: evidence from the world values survey. Public Administration and Civil Service, 4(95), 2–10. https://doi.org/10.52123/1994-2370-2025-1557
19. Rodríguez-Pose A., Bartalucci F., Kurmanov B., et al. Assessing Regional Inequalities in Kazakhstan through Well-Being // Asian Development Review. – 2024. – DOI: 10.1142/S0116110524500033.
20. Kerimbayev A.R., Bukatov Y.B., Kudebayeva A., Spankulova L.S. Spatial Effects in the Context of Kazakhstan's Regions. Economy: strategy and practice. 2025; 20(1):120-135. https://doi.org/10.51176/1997-9967-2025-1-120-135